

Құрметті қамқоршылық кеңесінің мүшелері бүгінгі күн тәртібіндегі бірінші мәселені қарастырып айтатын болсақ, 2023-2024 оқу жылы бойынша атқарылатын іс-шаралар жоспары және отырыс жоспарын бекітуіміз қажет. Өздеріңіз білетіндей «Қамқоршылық кеңестің» 2023-2024 оқу жылында алғашқы отырыс өткізілуі қажет және қажет болған жағдайда кезектен тыс отырыстар өткізіліп отырады. Соған байланысты отырыс жоспары құрылады. Бүгін бізде осы оқу жылындағы 2-ші отырыс, яғни қаралатын мәселелер кеңес құрамын бекіту, биыл бізде құрамымызда жоғарыда атап өткендей біраз өзгерістер болды. Осы оқу жылы осы құраммен жұмыстанатын боламыз.

Енді алдарыңыздағы жоспарға назар салып, жоспарды қарап шығып, өз ойларыңызды ортаға салсаңыздар:

Сөз кезегі Атшибаева Жания Бакитжанова-мүшесі күн тәртібіндегі Қамқоршылар кеңесінің функцияларында ерекше мәселелер қаралған. Білім беру ұйымы басшысының мекеме қызметі бойынша есебін (қайырымдылық көмектің жұмсалуды, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың жағдайлары жөнінде, т.с.с.) тыңдау мектеп оқушыларының тізімін анықтау және жұмсалатын қаражатты бақылауға алу керек. Жұмысты бірлесіп атқаруға келісемін.

Сөз алған Камысбаев Тимур -күн тәртібінде қаралып жатқан мәселелер өте орынды нақты бағыттарды басшылыққа алуымыз керек. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыстық жағдайлары мен жұмыспен қамтылуын жақсарту жағдайына көңіл бөлуді басшылыққа алу керек.

Келесі сөз кезегін алған Төлеубаев Қайрат Убайтұлы- күн тәртібіндегі қаралып жатқан мәселелерге келісемін. Білім беру ұйымының оқушылары мен тәрбиеленушілеріне жасалған жағдаймен таныс болуға бірлесіп ат салысып ата-аналарға түсіндіру шараларын ескерту керек. Оқушылар сабақтан қалмай, сабақтан тыс уақытта бей-берекетсіз көшеде жүрмеуі керек екенін назарда ұстауымыз керек.

Сөз алған Дүйсенбаев Серик Жуматович қамқоршылық кеңес мүшесі бүгінгі отырысымызда өзекті мәселелер қаралды. Мен барлығымыз бірлесіп жоспарға сай жұмыс жасаймыз деп ойлаймын.

Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыстық жағдайлары мен жұмыспен қамтылуын жақсарту;

Екінші мәселе бойынша сөз алған Жумагулов Нұрсұлтан Оразұлы-төраға

Мектептің 2023-2024 оқу жылына дайындығы. Материалдық-техникалық базасы жан-жақты жасақталған. Лед экран на 2400 000 (екі миллион төрт жүз мың), интер белсенді тақта 996 800 (тоғыз жүз тоқсан алты мың сегіз жүз теңге), принтер 90 000 (тоқсан мың теңге), монитор ЖК видео бақылау диагональ 24 дюйм 48400 (қырық сегіз мың төрт жүз теңге), Компьютер в комплекте 700 000 (жеті жүз мың теңге), Жөндеу жұмыстарына 1973 700 (бір миллион тоғыз жүз жетпіс үш мың жеті жүз теңге) жұмсалды. Интернет желісі компьютерлермен интер белсенді тақтамен жасақталған. Оқушыларға жаңа оқу жылына дайын екені анықталды. Барлығы талапқа сай дайын.

Сөз алған Самғали Абат Әбубәкірұлы-мүшесі -бүгінгі отырысымызда ауқымды сұрақтар қойылып талқыланды. Мен де қосыламын бірлесіп жұмыс жасауға. Мектептің 2023-2024 оқу жылына дайындығы талапқа сай болғаны әрине жақсы. Материалдық-техникалық базасымен да талапқа сай қамтамасыз етілген. Жыл сайын осы мектепке қажетті материалдық қор қарастырылып өз жалғасын тапса дегім келеді.

Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2023-2024 жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін, құрамы ереже бойынша жұмыс жалғастырылсын.
2. Мектептің 2023-2024 оқу жылына дайындығы талапқа сай ұйымдастырылып, материалдық-техникалық базасымен жасақталуы әліде жалғасын тапсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:
Хатшы:



Жумагулов Н.О.
Атшибаева Ж.Б.